

Улия Абдикерова

Құрылыс саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жоғары білімді маман даярлау жұмыстарына елеулі еңбек сіңірген педагогтардың бірі – PhD философия докторы Улия Абдикерова.

Улия Бақтыбайқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 16 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол университеттегі Инженерлік-технологиялық институт директорының орынбасары қызметін атқарды. Қазіргі таңда «Сәулет және құрылыс өндірісі» кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етуде.

Педагог – 2 оқу құралы, 1 патент және 26-дан астам ғылыми зерттеу мақаланың авторы. Мұнан басқа «Scopus» базасына енген журналдарында ғылыми мақалалары жарық көрген.

Ғалым бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша білім бағдарламаларын жасақтауға үлес қосып келеді. Осы кезге дейін 1 магистрант дайындап шығарды, қазіргі кезде 5 магистрантқа жетекшілік жасайды.

Педагог ғылыми біліктілігін жетілдіру мақсатында Ресей Федерациясындағы К.А.Тимирязев атындағы РГАУ-МСХА академиясында, Самара мемлекеттік техникалық университетінде ғылыми тағлымдамадан өтті.

Улия Бақтыбайқызы білім және ғылым саласына қосқан үлесі үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыт Ата Алтын медалі» және «Үздік тұлғек» төсбелгілерімен, Алғыс хаттарымен марапатталған.